

Мәдениет пен сауаттылыққа мән беріледі

Үкімет ҚР Конституциясын түсіндіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітті

Үкімет 15 наурызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясын түсіндіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітті.

Тиісті қаулыға Премьер-министр Олжас Бектенов қол қойды. Құжат Конституцияның негізгі ережелерін түсіндіру бойынша жүйелі жұмысты ұйымдастыруға, азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыруға, Негізгі Заң ережелерінен туындайтын заңнамалық шараларды жүзеге асыруға бағытталған.

Жоспар үш бағыт бойынша 36 іс-шараны қамтиды: ұйымдастыру шаралары, ақпараттық-түсіндіру жұмыстары және Конституцияның орындалуын құқықтық қамтамасыз ету. Ұйымдастырушылық іс-шаралар аясында Конституция мәтінін басып шығару және тарату, оның ішінде мүгедектігі бар адамдар үшін бейімделген форматта әзірлеу қарастырылған. Конституция электронды платформаларда орналастырылады.

Сондай-ақ ғылыми-сараптамалық қамтамасыз ету, ақпараттық-көрнекі безендіру, тақырыптық материалдар шығару, көрме және ағартушылық жобаларын жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспарланған.

Халықтың құқықтық мәдениеті мен құқық-

тық сауаттылығын қалыптастыру ісіне көңіл бөлінуде. Жоспарға оқыту семинарлары мен білім беру іс-шараларын өткізу, мектеп және ЖОО бағдарламаларының мазмұнын жаңарту, "Құқық негіздері" және "Заң мен тәртіп" курстарын, әдістемелік материалдар мен балалар басылымдарын әзірлеу кіреді.

Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары аясында бірқатар іс-шара мен кешенді медиа-жоспар әзірленді.

Конституцияның жүзеге асырылуын құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар, оның ішінде заңнамалық шараларды іске асыру, қолданыстағы заңнаманы талдау, негізгі Заңның нормаларын ескере отырып, стратегиялар мен тұжырымдамаларды өзектендіру шаралары бөлек қарастырылған.

Жалпы Жоспар Конституция нормаларын халық арасында кеңінен түсіндіруді және елдің негізгі Заң ережелерінің толыққанды жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.



Шығыс пен Шыңжаң келісімі

ШҚО мен Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы арасында меморандумға қол қойылды

Облыс делегациясы жуықта Қытай Халық Республикасына жұмыс сапарымен барды. Өңір әкімінің орынбасары Бақытжан Байахметов бастаған топта бизнес өкілдері, туризм саласының мамандары және өңір әкімдігінің қызметкерлері болды. Олар электр энергетикасы, өндіріс және туристік бағдарламаларды дамыту бағытындағы бірлескен жобаларды талқылап, нақты ұсыныстарды қарастырды.



Меморандумға қол қойды

Сапар аясында Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданының орталығы Үрімші қаласында B2B форматындағы кездесулер, өндірістік нысандарға бару және форум

шеңберіндегі пікір алмасулар ұйымдастырылды. Бұл екі өңір арасында ашық диалог орнатып, ынтымақтастықтың жаңа мүмкіндіктерін айқындауға жол ашты.

Алғашқы күні Шығыс Қазақстан облысы мен Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ау-

даны арасында өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Құжат облысқа инвестиция тарту, туристер ағынын арттыру және туризмді дамытуға бағытталған өзге де бастамаларды қамтиды. Қол қою рәсіміне қазақстандық делегация атынан Кәсіпкерлер палатасы жанындағы туризм кеңесінің төрағасы Сымбат Рамазанов, "Пасека" шаруа қожалығының басшысы Валерий Қасымбаев және басқа да өкілдер қатысты.

Иссапар бағдарламасы бұдан әрі Үрімші жылу энергетикалық компаниясына барумен жалғасты. Облыс әкімінің орынбасары Бақытжан Байахметовке кәсіпорынның техникалық мүмкіндіктері таныстырылды. "Шығыс Жылу" АҚ басшысы Ренат Уразбаевтың айтуынша, Үрімші энергетиктерінің тәжірибесі шығысқазақстандық мамандар үшін пайдалы әрі маңызды.

– Мені қала бойынша тұрғын үйлердің шатырларына орнатылған, пәтер ішіндегі температураны онлайн режимде тұрақты түрде өлшейтін датчиктер таңғалдырды. Барлық ақпарат бірыңғай базаға түседі, ал ауа температурасы белгіленген нормадан ауытқыған жағдайда, колл-орталық мамандары ақауды жою үшін арнайы топ жібереді, – деді Ренат Уразбаев.

Тараптар келіссөз жүргізді

Бұдан бөлек, сапар барысында екі өңірдің

инвестициялық әлеуетінің таныстырылымы өтті. Әуелі ШҚО әкімінің орынбасары Бақытжан Байахметов пен ШҰАА Халық Үкіметі хатшылығы басшысының орынбасары Чжоу Чао өз сөздерімен шараның шымылдығын ашып, ізгі лебіздерімен бөлісті. Ары қарай екі тараптың өкілдері баяндамалар жасап, түрлі салалардағы көрсеткіштерді, алдағы жоспарларды сөз етті.

ШҚО Туризм басқармасының басшысы Ержан Сембинов өлкенің Қытай мен Ресей арасындағы көлік-логистикалық хабқа айналуды ниетті екенін жеткізді.

– 2024 жылы Мемлекет басшысының тапсырмасымен Бұқтырма су қоймасы арқылы өтетін Орталық Азиядағы ең ұзын көпір салынды. Екі жыл ішінде 1 жарым мың шақырым көлік жолы жөнделіп, қайта жаңғыртылды. Қытаймен шекаралас Катонқарағай және Зайсан аудандарында әуежайлар құрылысы басталды. Біз жылына 1 млн турист қабылдауға дайынбыз. Қытайлық компанияларды облыста туристік инфрақұрылымды дамытуда бірлесе жұмыс істеуге шақырамыз, – деді Ержан Сембинов.

Іс-шара соңында тараптар B2B форматында келіссөздер жүргізіп, бірлескен жұмыстың жаңа бағыттарын талқылады.

Өз тілшіміз
Фотосурет: ШҚО әкімінің
баспасөз қызметі

Хабарландыру

"Сапалы жол LTD" ЖШС 19.05.2026 жылы ШҚО, Ұлан ауданы, Қ. Қайсенов кенті, Ахметов к-сі 26/1 (мәдениет үйі) мекен жайында "Тас-ұсақтау қондырғысының құрылысы" нысаны бойынша: - сағат 10:00-де, ҚР ЭК 73-бабының талаптарына сәйкес, ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша; - сағат 11:00-де, ҚР ЭК 96-бабының талаптарына сәйкес, әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін құжаттар жиынтығы бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкінің (ҰБД) сайтында қолжетімді <https://ndbecology.gov.kz/>, сондай-ақ "ШҚО Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" ММ ЖАО сайтында.

Ескертулер/ұсыныстар ҰБД сайтында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде, сондай-ақ Өскемен қ., Б. Керімбаев к., 19 "ШҚО Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ, тел. 8-7232-25-72-06, d.babakanova@akimvko.gov.kz.

ТЖ және (немесе) шектеу іс-шаралары енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі.

Қосылуға арналған деректер:

<https://us06web.zoom.us/j/81560873625?pwd=znvdlmVbwSWTVAi3HN8fQ5pn1sl3P1.1>

Конференция идентификаторы: 815 6087 3625.

Кіру коды: Fw321E.

Қосымша ақпаратты жоспарланған қызметтің бастамашысы – "Сапалы жол LTD" ЖШС-дан алуға болады. БСН: 151140006758, ҚР, ШҚО, Өскемен қ., Оралхан Бекей к-сі, 12, тел: +7 777 748 8957.

Жобалаушы – "OSKEMEN ПРОЕКТ" ЖШС. БСН: 180440003826. Занды мекен-жайы: ҚР, ШҚО, Өскемен қ., М.Горький к-сі, 74 үй. Тел.: 7 776 2200001. Ал. мекен-жайы: oskemen.proekt@mail.ru.

Объявление

ТОО «Сапалы жол LTD» сообщает, что 19.05.2026 года по адресу ВКО, Уланский район, поселок К.Кайсенова, улица Ахметова 26/1 (дом культуры), состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по объекту «Строительство каменно-дробильной установки»: - в 10:00 ч., в соответствии с требованиями статьи 73 ЭК РК, по отчету о возможных воздействиях; - в 11:00 ч., в соответствии с требованиями статьи 96 ЭК РК, по комплекту документов для получения экологического разрешения на воздействие.

Проектная документация доступна на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов (НБД) <https://ndbecology.gov.kz/>, а также на сайте МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования ВКО».

Замечания/предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на сайте НБД, а также по адресу г. Усть-Каменогорск, ул. Б. Керімбаев, 19 ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования ВКО», тел. 8-7232-25-72-06, d.babakanova@akimvko.gov.kz.

В случае введения ЧП и (или) ограничительных мероприятий, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме.

Данные для подключения:

<https://us06web.zoom.us/j/81560873625?pwd=znvdlmVbwSWTVAi3HN8fQ5pn1sl3P1.1>

Идентификатор конференции: 815 6087 3625

Код доступа: Fw321E

Дополнительную информацию можно получить у инициатора намечаемой деятельности - ТОО «Сапалы жол LTD». БИН: 151140006758, РК, ВКО Усть-Каменогорск, ул. Оралхан Бекей, 12, тел: +7 777 748 8957.

Проектировщик - ТОО «OSKEMEN ПРОЕКТ». БИН: 180440003826. Юр.адрес: РК, ВКО, г.Усть-Каменогорск, ул. М.Горький, 74. Тел.: +7 776 2200001. Эл.адрес: oskemen.proekt@mail.ru.